

КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ ШАРТ

Шымкент қ.

« 14 » 04 2023ж.

Шымкент университеті, ректоры п.ғ.д., профессор Сейітқұлов Нұрлыбек Ақынұлы тұлғасында, Жарлық негізінде қызмет ететін (әрі қарай ШУ), бір тарапынан және «Саттар Ерубасев атындағы №24 IT мектеп лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры тұлғасында, Нысанбаева Жанар Тастановна негізінде (әрі қарай Мекеме), екінші тарапында, төмендегі туралы осы келісімшартты бекітті.

1.Келісімшарт нысаны

1.1. ШУ білім алушыларды кәсіптік практикаға жібереді, ал мекеме күнтізбелік кестеге, кәсіптік практика бағдарламасы мен басқа да нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес білім алушының кәсіптік практика өтуіне қызмет көрсетеді.

2.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1.1 ШУ өзіне мынадай міндеттемелер алады:

6B01506 – Физика-информатика мамандығының _____ 4 _____ курс білім алушыларын
(мамандықтың коды мен атаулары)

Өндірістік _____ практикаға жолдау;
(практика атауы)

2.1.2 Кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын Мекемеге кәсіптік практика өтуін және мамандықтар топтамасы бойынша білім алушылардың санын келісу үшін күнтізбелік кестесін, білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламасын ұсыну;

2.1.3 Кәсіптік практиканың басталуынан бір апта бұрын Мекемеге практикаға жіберілетін студенттердің тізімін ұсыну;

2.1.4 Білім алушыларды Мекемеге кәсіптік практиканың күнтізбелік кестесі мен бағдарламасында белгіленген мерзімде жіберу;

2.1.5 Білім алушылардың кәсіптік практикасына жетекшілік жүргізу үшін жоғары білікті оқытушыларды тағайындау;

2.1.6 Білім алушылардың мекемелерде орнатылған еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауларын қамтамасыз ету;

2.1.7 Мекеме қызметкерлерін – білім алушылардың кәсіптік практика жетекшілерін кәсіптік практиканы ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

2.1.8 Шығармашылық серіктестік туралы келісімге сәйкес аса маңызды кәсіби мәселелерді шешу үшін өз ғылыми кадрларын тарту;

2.1.9 Білім алушылардың Мекемелерде еңбекті қорғау бойынша таныстыру сабағын жүргізу сапасын тексеру мен бақылауды қамтамасыз ету;

2.2 Мекеме өзіне мынадай міндеттемелер алады:

2.2.1 Білім алушылардың кәсіптік практикасының күнтізбелік кестесі мен бағдарламасына сәйкес ШУ-нің білім алушылардың тәжірибесі қай жерде өткізілетіні, өту орны туралы мәліметтерді ұсыну;

2.2.2 Білім алушыларды практика өтудің қауіпсіздік жағдайларымен қамтамасыз ету. Белгіленген құжаттарды рәсімдеу арқылы еңбекті қорғау бойынша міндетті таныстыру сабақтарын (кіріспе және жұмыс орнында) жүргізу: қажетті жағдайда білім алушыларға жұмыстың қауіпсіздік әдістерін үйрету сабақтарын жүргізу;

2.2.3 Білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

2.2.4 Өз қызметкерлерінің тарапынан білім алушылардың кәсіптік практикасына Мекеменің шағын бөлімдерінде жетекшілік жасау үшін жоғары білікті мамандарды тағайындау.

2.2.5 Білім алушылар мен университет оқытушыларына кәсіптік практика жетекшілеріне білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламасын жақсы меңгеру және олардың жеке тапсырмаларын орындау үшін қажетті құжаттарды пайдалану мүмкіндігін беру;

2.2.6 ШУ-мен келісілген білім алушылардың кәсіптік практикасының күнтізбелік кестесі мен бағдарламасына сәйкес білім алушылардың Мекеме қызметімен толық танысу мақсатында оларды жұмыс орындарына бөлуді қамтамасыз ету;

2.2.7 Білім алушыларды кәсіптік практика бағдарламасында белгіленбеген және білім алушылардың мамандықтарына қатысы жоқ қызметтерді атқаруға жол бермеу;

2.2.8 Білім алушылардың кәсіптік практикасы аяқталғаннан кейін, әр білім алушыға мінездеме және оның дайындаған есебінің сапасына баға беру.

2.3. Білім алушы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

2.3.1 Кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау.

2.3.2 Мекеменің жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау.

2.3.3 Практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау. практикадан өту үшін белгіленген уақытта Мекеменің қарауына келу;

2.3.4 Практикадан өту барысында және аяқтаған соң Мекеме туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

2.3.5. Білім алушы:

- Мекемеде бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын, зертханалық базасын, оқу мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға;

- кәсіптік практиканы өту барысында денсаулыққа келтірілген зиянның өтелуіне;

- кәсіптік даярлығын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген мамандық бойынша бос орынның болуы кезінде Мекемеде жұмысты жалғастыруға құқылы.

3. Тараптардың келісімшартты орындамаған жағдайдағы жауапкершілігі.

а. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

б. Осы келісімшарт бойынша тараптар арасында болған барлық даулар, келіссөз арқылы шешіледі. Келісімге келмеген жағдайда белгіленген тәртіп бойынша сот органдарына жіберіледі.

с. Тараптар бірлескен қызмет барысында анық болған өндірістік бағыттағы жасырын мәліметтерді таратпауға міндеттенеді.

4. Басқа жағдайлар

4.1. Келісімшарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Осы келісімшартта белгіленбеген жағдайлар, ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Барлық хаттар мен жазбаша құжаттар өкілетті тұлғалармен орындалған және заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген жағдайда ғана заңды күшке ие болады.

4.2. Келісімшарт бірдей заңды күші бар екі данадан жасалған. оның біреуі оқу мекемесінің істерінде, екіншісі – Мекеменің істерінде сақталады.

4.3. Келісімшарттың қолдану мерзімі «14» 07 2023 ж. бастап «14» 07 2028 ж. дейін.

6. Тараптардың заңды мекен - жайлары:

Білім беру ұйымы:

«Шымкент университеті» мекемесі Шымкент қаласы,

Каратау ауданы, мкр Тассай, Жібек жолы көшесі уч №6


тел: +7(7252) 55 58 61

email: shu2050@mail.ru

БИК: F1SBIK

БИН: 0005400000

ИИД: К 7823000002962



Сейітқұлов

Мекеме:

«Саттар Ерубасев атындағы №24 ІТ мектеп лицейі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шымкент қ. Әл-фараби ауданы, Шаяхметов көшесі



Нысанбаева Ж.Т.